

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

**Жарналардың дифференциалды мөлшерлемелерін есептеу және
методологиясы департаменті**

2016 ж. 1-тоқсанындағы

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА

ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ


Жеке тұлғалардың депозиттер нарығының тенденциясына шолу

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері 2016 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша 6,9 трлн. теңгеге жетті, алайда ағымдағы жылдың бірінші тоқсанындағы өзгеріс елеусіз болды және 56,1 млрд. теңгені немесе 0,8% құрады.

Есепті тоқсанда **Халық банкі** жеке тұлғалар депозиттері базасындағы үлесі 21,1% құрап, жеке тұлғалар депозиттері базасындағы үлесі бойынша бірінші орынды қайтарып алды. Көшбасшылар үштігіне сонымен қатар **Казкоммерцбанк** пен **Kaspi Bank** кірді, олардың үлестері сәйкесінше 20,2% және 9,0% құрап отыр. Сонымен қатар есептік тоқсанда көрсетілген үштіктің ішінде тек **Халық банкі** депозит базасын ұлғайта алды (+47,5 млрд. теңге), ал **Казкоммерцбанк** (-25,4 млрд. теңге) пен **Kaspi Bank** (-28,1 млрд. теңге) жеке тұлғалар депозиттері азайды.


Халық салымдарының валюталық құрылымына келсек, есептік тоқсанда ұлттық валютадағы депозиттердің өзгерісі +289,4 млрд. теңгені немесе +20,2%-ті, шетел валютасынды -233,3 млрд. теңгені немесе -4,3%-ті құрады. Осылайша, экономиканы долларсыздандыру бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерін, сонымен қатар ұлттық валютадағы өтемақыны 10 млн. теңгеге дейін көтеру шешімдері біртіндеп өз жемістерін көрсетуде. (1-диаграмма)

1-диаграмма. Жеке тұлғалардың депозиттік базасының өзгеру динамикасы



Қатысушы-банктердің депозиттері жиынтық қоржыны жалпы үлесі 91,8% немесе 6,4 трлн. теңге және тоқсандық ұлғаюы 75,1 млрд. теңге немесе 1,2% болатын *мерзімді және шартты салымдардан*, жалпы үлесі 8,0% (557,5 млрд. теңге) және тоқсандық өзгерісі -13 млрд. теңге немесе 2,3% болатын *ағымдағы және карт-шоттардағы қалдықтардан*, сондай-ақ жалпы үлесі 0,2% *талап етілгенге дейінгі салымдардан* тұрады, бұл топтаманын өзгерісі -31,2% құрады. (1-диаграмма)

2 - диаграмма. Жеке тұлғалар депозиттерінің негізгі категориялар бойынша құрылымы (% бойынша)



Қатысушы-банктердің жиынтық қоржынының 21,2%-тін (немесе 1,5 трлн. теңгені) құрайтын мөлшері **5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдары** тоқсан ішінде елеусіз оң өзгеріс болды және оның мөлшері 92,4 млрд. теңгені құрады. **5 млн.-нан 10 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдар** қарастырылып отырған мерзім ішінде 8,5 млрд. теңгеге азайып, 636,6 млрд. теңгені (немесе жиынтық қоржынның 9,2%-тін) құрады.

10 млн.-нан 15 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдар 306,8 млрд. теңгені немесе жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының 4,4%-ін құрады. Бұл мөлшердегі салымдардың өзгерісі 2,3 млрд. теңгені құрады, бұл өзгерісті шетел валютасындағы салымдардың 24,7 млрд. теңгеге азаюы қамтамасыз етті. Бұл аралықтағы ұлттақ валютадағы салымдар 22,4 млрд. теңгеге немесе 60%-ке өсті.

Жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының басым бөлігі әдеттегідей **15 млн. теңгеден жоғары мерзімді және шартты салымдар** еншісінде және есепті тоқсанда 57%-і құрап отыр. Алайда есептік тоқсанда мұндай категорияның үлесі 0,2%-ке немесе 6,5 млрд. теңгеге қысқарды.

Жеке тұлғалар депозиттері қоржынының 0,2%-ін құрайтын **талап етілгенге дейінгі салымдарының** өзгерісі -5,9 млрд. теңгені құрады. Бұл өзгеріс шетел (-4,8 млрд.теңге) және ұлттық валютадағы (-1,1 млрд.теңге) салымдардың азаюы салдарынан болды.

Ағымдағы және карт-шоттардағы жиынтық қалдықтары бойынша да теріс өзгерістер орын алды және ол -13 млрд. теңгені немесе – 2,3%-ті құрады. Бұл өзгерістер ұлттық валютадағы **ағымдағы және карт-шоттардағы жиынтық қалдықтарының** 36,5 млрд. теңгеге азаюы септігін тигізді. Шетел валютасындағы салымдар өзгерісі +23,5 млрд. теңгені құрады.

2016 ж. 1 сәуірдегі жағдайы бойынша екінші деңгейдегі қатысушы банктердің жеке тұлғаларының депозиттері бойынша Қор төлеуге тиісті өтелім сомасы 2,9 трлн. теңгені құрады. Есептік күнге Қордың арнайы қоры жарғылық капиталдың есебінсіз 279,1 млрд. теңгені құрады. Қажет болып жатқан жағдайда арнайы қордың тапшылығын толықтыру мақсатында

Акционерлер шешімімен Қор жарғылық капиталдың 70%-тін қолдана алады. Мұндай жағдайда ол 386,5 млрд. теңгеге жетеді, немесе өтелуге тиісті жинақы соманың 13,2% және қатысушы банктердегі жеке тұлғалар салымының 5,6% құрайды.

Қор төлеген кепілдік берілген өтемнің жиынтық сомасы **Наурыз Банкі** 2016 ж. 1 сәуірдегі жағдайы бойынша 679,6 млн. теңгені ал **Валют-Транзит Банкі** бойынша қосымша өтемді қоса есептегенде 17,8 млрд. теңгені құрады. Қордың **Наурыз Банкінің** ликвидациялық комиссиясынан кепілдік берілген өтемді төлеген сомасы бойынша талаптарын қанағаттандыру барысында алынған сома мөлшері 679,4 млн. теңге немесе ликвидациялық комиссиясына қойылған барлық талап сомасының 88,0%, ал **Валют-Транзит Банкі** бойынша 9,1 млрд. теңге немесе Қордың ликвидациялық комиссиясына қойылған талап сомасының 49,6% (қосымша өтемді қоса есептегенде), (қосымша өтемді есептегенде) жалпы талаптың 64,62 % құрады.

2016 жылдың 1 сәуіріне сәйкес
қатысушы банктердің жеке тұлғалар депозиттері бойынша мәліметтерінің жиынтығы

№ п/п	Аталуы	Сомасы (мың теңге)	1-тоқсандағы өзгерісі	Шоттардың саны
	Барлық жеке тұлғалар депозиттері теңгемен және шетел валютасымен, оның ішінде:	6 935 224 775	56 099 554	24 291 011
1.	Талап етілгенге дейінгі салымдар, оның ішінде:	13 070 026	-5 935 240	935 217
1.1.	<i>теңгемен</i>	3 542 555	-1 139 447	897 015
1.2.	<i>шетел валютасымен</i>	9 527 471	-4 795 793	38 202
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі талап етілгенге дейінгі салымдар	4 254 050	-3 973 936	88
2.	Мерзімді және шартты салымдар, оның ішінде:	6 364 630 586	75 067 001	3 021 345
2.1.	<i>теңгемен, оның ішінде:</i>	1 353 615 775	327 074 767	2 303 080
	1 млн. теңгеден аспайтын	306 093 458	22 342 095	2 004 247
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	355 153 321	49 477 472	214 664
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	176 017 492	31 532 896	46 210
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	184 812 971	50 597 127	27 965
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	59 795 226	22 412 366	5 139
	15 млн. теңгеден жоғары	271 743 307	150 712 811	4 855
2.2.	<i>шетел валютасымен, оның ішінде:</i>	5 011 014 811	-252 007 766	718 265
	1 млн. теңгеден аспайтын	94 180 538	-1 370 780	380 736
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	262 493 331	-12 182 262	145 904
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	274 553 097	2 574 297	71 043
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	451 779 212	-59 074 471	64 696
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	246 975 933	-24 731 868	20 606
	15 млн. теңгеден жоғары	3 681 032 700	-157 222 681	35 280
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі мерзімді және шартты салымдар	565 899 149	48 093 486	2 292
3.	Ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде) оның ішінде:	557 524 163	-13 032 207	20 334 449
3.1.	<i>теңгемен</i>	365 502 886	-36 500 878	19 533 909
3.2.	<i>шетел валютасымен</i>	192 021 277	23 468 671	800 540
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде)	8 815 492	1 899 570	32 952